

Диссертациялық кеңестің 2024 жылғы жұмысы туралы есебі

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жанындағы (докторантура мамандығы) «8D011210 (6D073100) – Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» бағытындағы кадрларды дайындау бойынша Диссертациялық Кеңес.

1. Өткізілетін отырыстардың саны туралы деректер.

Диссертациялық Кеңес 8 отырыс өткізді, оның 4-уі ұйымдастырушылық сипатта және 4-уі диссертацияны қорғауға арналған.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық Кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) – жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттардың тізімі.

1) Икрамов Ильяс Ғалымбетұлы – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

2) Уали Алмас Болатұлы – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

3) Жарылқасын Перизат Мұратқызы – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

4) Сатимбекова Асем Базаровна – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

4. Мынадай бөлімдерді белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында Кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыбын талдау.

И.Г. Икрамовтың диссертациялық жұмысы қорғасын өндірісінің қож калдықтарын сақтау қоймасы бетінен желді күндері атмосфераға көтерілетін қож шаңдарының қоршаған ортаға зиянын лихеноиндикациялық талдау негізінде, олардың қоршаған ортаға зиянды әсерлерін шектеу мақсатында аэродинамикалық тосқауылдау әдісін жасауға арналған.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкімет жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.

Диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді 9.2. Мамандандырылған ғылыми бағыт бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер 9.2.7 өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, Азаматтық қорғаныс, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы зерттеулер. Диссертация тақырыбы ғылымның басым бағытына сәйкес келеді.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Шымкент қаласындағы «Южполиметалл» қорғасын өндірісінің қож калдықтарын сақтау қоймасы бетінен ұшатын қож шаңдарының атмосфера ауасында таралуы барысында санитарлық шамадан артық ластанатын нақты жер аумағының экологиялық картасы жасалынды. Жұмыстың нәтижелері оқу үрдісіне және өндірістік іс- тәжірибеге ендірілді.

А.Б. Уалидің диссертациялық жұмысы Цифрлық технологияларды енгізу және тәуекелдерді басқару тұжырымдамасын қолдана отырып, өндірістік рисктерді ғылыми болжау негізінде өндірістік жарақаттану мен кәсіби аурулардың пайда болу рисктерін төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу арқылы мұнай өңдеу өндірістерінің өндірістік қондырғы операторлары үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге арналған.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкімет жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.

Диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді 9.2. Мамандандырылған ғылыми бағыт бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер 9.2.7 өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, Азаматтық қорғаныс, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы зерттеулер. Диссертация тақырыбы ғылымның басым бағытына сәйкес келеді.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Жүргізілген эксперименттік зерттеулер негізінде мұнай өңдеу зауыттарында өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау жүйесін жетілдіру және өндірістік жарақаттану мен кәсіби ауруларды азайту мақсатында цифрлық құралдар, ақпараттық технологиялар, жасанды интеллектіні енгізу бойынша ұсынымдар мен әдістемелер әзірленді.

Әзірленген интерактивті қосымша операторларға кез келген электронды тасымалдағышта ПЛА стандарттарына сәйкес аварияларды жою жөніндегі іс-әрекеттерді үйренуге және нақты төтенше жағдай кезінде барлық қажетті шараларды жылдам әрі дәл орындауға мүмкіндік береді.

П.М. Жарылқасынның диссертациялық жұмысы Тенгіз мұнай кен орнында түзілген және карталарда ашық күйінде сақталатын күкіртті қалдықтардың қоршаған орта компоненттеріне әсерін төмендету, күкіртті қалдықтардан термотұрақты композициялық материал вулкандаушы агентін алу технологиясын жасауға, күкіртті және күкіртсутекті қалдықтарды полимерлі күкіртке түрлендіру заңдылықтарын теориялық және тәжірибелік зерттеулер негізінде термотұрақты композициялық материал вулкандаушы агенттің рецептурасын есептеудің ғылыми негізделген әдістемесін жасауға арналған.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкімет жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді 9.2. Мамандандырылған ғылыми бағыт бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер 9.2.7 өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, Азаматтық қорғаныс, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және

жою саласындағы зерттеулер. Диссертация тақырыбы ғылымның басым бағытына сәйкес келеді.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Мұнай өндіру және мұнай өңдеу қалдықтары – кесекті күкіртті қажетке жарату технологиясы әзірленді; Тенгіз күкірті бар композициялық материалдардың рецептуралары әзірленді; Алынған термотөзімді композициялық материалдар – техникалық резеңкеге, сапасын анықтау үшін технологиялық және физика-механикалық сынақтар жүргізілді; Тенгіз күкірті көлемінің вулкандану уақытына және резеңке қасиеттеріне әсері зерттелді. Тенгіз күкірті мөлшерлемесінің композициялық материалдардың сапасына тәуелділігі анықталды; Тенгіз күкіртінің толтырғыш баулардың рецептурасында оңтайлы мөлшерлемесі анықталды - 100 масс.бөлік. каучукке 3,5 масс.б. Тенгіз күкіртінің қолданылуы эластомерлі матрицада молекулааралық байланыстар санының ұлғайуы есебінен беріктік қасиетінің, соның ішінде толтырғыш бау резеңкесінің термотөзімділігінің жоғарылауына әкелетінін көрсетті;

А.Б. Сатимбекованың диссертациялық жұмысы «Қостанай минералдары» АҚ-ның хризотил-асбестті байыту барысында түзілетін шаң тәрізді қалдықтарды экологиялық тұрғыдан тиімді және қауіпсіз қайта өңдеу әдістерін зерттеуге бағытталған. Хризотил-асбесттің биологиялық белсенділігі мен канцерогендік қасиеттерін төмендету мақсатында магнийді қышқылдық өңдеу арқылы аластату жолдары қарастырылып, шешу жолдары ұсынылған.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкімет жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.

Диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді 9.2. Мамандандырылған ғылыми бағыт бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер 9.2.7 өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, Азаматтық қорғаныс, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы зерттеулер. Диссертация тақырыбы ғылымның басым бағытына сәйкес келеді.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Қалдықтан магнийдің бастапқы мөлшерінің 50%-ын бөліп алу мен оны залалсыз күйге көшіруді қамтамасыз ететін технологиялық үрдістердің табылған оңтайлы өлшемдері анықталған.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша экологиялық қауіптілігі жоғары, құрамында асбест бар шаң тәрізді қалдықты залалсыздандырумен қатар, олардан бір мезгілде магний қосылыстарын алуды қамтамасыз ететін қышқылдық өңдеудің схемасы әзірленіп, «Қостанай минералдары» АҚ-на ұсынылды.

Шаң тәрізді қалдықты қайта өңдеудің жаңа инновациялық технологияларын әзірлеу, тіршілік ортасының қауіпсіздігіне әсерін төмендету тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның инновациялық-өнеркәсіптік дамуы үшін және ресурстарды тиімді пайдалану тұрғысынан да аса маңызды.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (сапасыз шолулардың мысалдарымен).

Жоғарыда көрсетілген диссертациялық жұмыс бойынша рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде жан-жақты талдау жүргізді және диссертациялық Кеңес туралы үлгілік Ереженің 5-қосымшасының нысанына сәйкес құзіретті пікірлер ұсынды.

Сапасыз пікірлер болған жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Ғылыми кадрларды даярлау жүйесі заманауи талаптарды қанағаттандырады.

7. Кадрларды даярлау бағыттары бөлінісінде философия (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алуға арналған диссертациялар саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – 4;

2) қараудан алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – жоқ;

3) рецензенттердің (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) теріс пікірлері алынған диссертациялар – жоқ;

4) қорғау қорытындылары бойынша теріс шешімі бар диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – жоқ;

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – жоқ;

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – жоқ.

8D011210 (6D073100) – «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» бағытындағы кадрларды дайындау бойынша диссертациялық Кеңестің төрағасы, т.ғ.д., профессор

Диссертациялық Кеңестің
Ғалым хатшысы,
PhD, қауымдастырылған профессор

Корганбаев Б.Н



Шапалов Ш.Қ

" 30 " 12 2024 жыл.